



БҰЙРЫҚ

11.12.2024

ПРИКАЗ

№ 221

Сәтбаев қаласы

город Сатпаев

**Сыбайлас жемқорлықтың
алдын-алу жөніндегі
шаралар туралы**

Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру мен білім беру ұйымдарында ішкі тәртіп қағидаларының бұзушылығын болдырмау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «№5 жалпы білім беретін мектебі» КММ мұғалімдеріне:

- 1) жөндеу жүргізу, жиһаз, құрал-жабдық сатып алу, нысандарды тазалау, оқытушылар құрамына сыйлықтар, аттестация, мерекелік іс-шараларды өткізу және тағы да басқа мақсаттар үшін мәжбүрлі түрде қаражат жинауға үзілді-кесілді тыйым салынсын.
- 2) кітап сатуға, көңіл көтеретін мерекелерге билет сатуға;
 - концерттік бағдарламаларды өткізуге шақырылған әртістердің қызмет крсетуіне ақша жинауға;
 - мерекелік күндері оқушыларға сыйлықтар мен жүлделерді сатып алуға ата-аналар мен оқушылардан қаражат жинауға;
 - мерекелік күндері білім беру ұйымдарын безендіру үшін ақша жинауға;
 - тамақтандыру ұйымдарымен, байланыс операторларымен және т.б. коммерциялық құрылымдармен жарнамалық шаралар ұйымдастыруға;
 - жалға беру туралы келісім шарты жоқ коммерциялық құрылымның өнімдерін өндеуге;
 - білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен бюджеттен қаржыландырылмайтын байқаулар мен интеллектуалдық ойындарға оқушылардың қатысуы үшін ата-аналардан төлем ақы жинауға жол бермеу үшін ықпалды шара қолдансын.
- 3) тәрбиелеу жұмысын орындау аясында мектеп оқушылар мен тәрбиеленушілерінің мәдени-көпшілік шараларға қатысу үшін қаражат жинау тек ерікті түрде және білім беру ұйымдары қызметкерлерінің қатысуынсыз өткізілсін (театрларға, көрмелерге, мұражайларға қатысу).

4) оқу орының қажеттіліктері үшін қаражатты заңсыз жинау мәселесі бойынша педагогикалық ұжымдар мен ата-аналар комитеттері мүшелерінің арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

5) ата-аналардан заңсыз ақша жинаған сынып жетекшілер, мұғалімдер, тәрбиешілерге тиісті шаралар қабылдансын.

2. Осы бұйрықты тиісінше жүзеге асырмаған мектеп педагогтеріне тәртіптік жазадан лауазымынан босатуға дейінгі шарлары қолданылсын.

3. Осы бұйрықпен мектеп педагогтерін таныстыру мектеп директордың ТІЖ орынбасары А.М.Айтбаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын баылауды өзіме қалдырамын.

Қосымша 1 бет (мектеп мұғалімдерінің тізімі)

Мектеп директоры
Таныстырылды:



Ш.С.Адамьянова